

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.06.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/123249/

Әлем сыбайлас жемқорлықсыз әлемді қалайды. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық бүткіл әлемнің дертіне айналды, халықтың кедейленуі мен елдің әл айқатының нашарлауы осы жемқорлыққа әкеліп тірелуде. Сыбайлас жемқорлықтың орын алып, берен алуына тікелей біз адамзаттың ықпалы зор. Бұл дүниенің пайдасыз, ақымақтық іс екенін біле тұра сол затты жасаймыз осы қасиет түптің түбінде адамдардың өзіне соққы болып тиері анық емес. Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ қандай болар екен? Қазіргі қоғамда мойындайық жемқорлық ауру секілді әлемде тарап жатыр, көп мемлекеттер осы дерттен айығу үшін бар күшін салып жұмыстануда. Егерде жер бетіндегі адамзат жемқорлықты жойса әлем толықтай өзгеріске ұшырар еді. Ең алдымен адам мен адам арасындағы қарым-қатынас нығайып, сенім көбиді. Қазір бәріміз

білетіндей сенім адамдар арасында өте әлсіз бола түсуде. Бір-біріне сенбей, ту сырттан пышақ сұғып қаны бір бауырларда жауға айналуға. Бұның бәрі қоғамда орын алған әділетсіздіктің ықпалы. Ал болашақта бұл оқылықтың орнын толтырып, жасап жатқан қателігімізді түзетсек әлемге деген көз қарас түбегейлі өзгереді. Мойындайық қазір менің елімдегі жемқорлықтың берең алуы күшейіп, тіпті шегі көрінбей жатыр. Адамдар өз күш жігеріне, біліміне сенбей ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүргенге әуес болуда. Жемқорлық бар жерде сапалы білім, жұмыс жүрмейді тіпті елдің дамуы қиындай түседі. Жемқорлықты жеңбеген елдің болашағы қараңғы. Сыбайлас жемқорлықпен күресіп түп тамырымен жойсақ, жемқорлықсыз

әлем жүйесін орнатсақ адамдар тек өзіне сеніп, қандай қиын жол болмасын еңсеріп өтуге тырысады. Жемқорлықты көрмей өскен ұрпақ елдің нығайуына бар күш жігерін салып, жұмыстанады. Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ әлемді құтқарады. Болашаққа үлкен сеніммен, үміт сыйлайды. Адамдарды барлық тұрғыдан дамытып, басшы мен халық арасында сенім көпірін салады. Адамдар қателікті өзгеден емес өзінен іздейтіндей жағдайға жеткізеді. Осылайша мемлекет ішіндегі тыныштықты сақтап, елді қорғай аламыз.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.